ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 27 желтоқсан №4360-23-00-2/3146 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.Е.Елшібеков,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысының білім басқармасының Қармақшы ауданы бойынша білім бөлімінің «А.Жанпейісов атындағы №105 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Каусар» атауымен әрекет етуші Абзал Болатбекович Таженов

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
АПК-нің 223-226, 229, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысының білім басқармасының Қармақшы ауданы бойынша білім бөлімінің «А.Жанпейісов атындағы №105 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Каусар» атауымен әрекет етуші Абзал Болатбекович Таженовты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Каусар» атауымен әрекет етуші Абзал Болатбекович Таженов мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Каусар» атауымен әрекет етуші Абзал Болатбекович Таженовтен мемлекет кірісіне сот шығысы мемлекеттік баж сомасы 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына

әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Б. Елшібеков**

Құжатқа қол қойылған: Елшібеков Б. Е., 28.12.2023

Заңды күшіне енген күні: 13.02.2024, судья Елшібеков Б. Е., 13.02.2024

4360-23-3-1/3317